**Қонысбек Асылзат Қайратқызы** — 2-курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,

E-mail: konysbekasylyzat@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-4220-7615>.

**Аннотация:** Қазіргі кезде әлемде косметика өнеркәсібінің аса қарқынды дамуы байқалуда және көптеген адамдар косметиканың сапасы мен қауіпсіздігіне ерекше назар аударады. Гидролаттар пайдалы қасиеттері мен табиғи шығу тегіне байланысты косметиканың ең танымал ингредиенттерінің бірі болып табылады. Жұмыстың мақсаты Отандық шикізат түймешетен мен жантақ өсімдіктерінен гидролаттардың коллоидтық-химиялық қасиеттерін зерттеу және косметикалық өнімдер алу мүмкіндігін қарастыру. Зерттеу нысаны ретінде эфир майлары, флавоноидтар, таниндер мен алкалоидтар және т.б. биологиялық белсенді заттарға бай отандық түймешетен мен жантақ гидролаттары алынды. Гидролаттарды алу себебі олардағы экстракцияланған заттардың концентрациясы қайнатпаларға қарағанда жоғары болады. Жантақ пен түймешетен гидролаттарының коллоидтық-химиялық қасиеттерін анықтау үшін олардың Дю Нуи әдісімен беттік керілуі мен

гониометрмен жуғу бұрышы өлшенді және косметикалық дисперсті жүйе алу мақсатында эмульсиялағыш қабілеттілігі анықталды. Беттік керілу изотермалары бойынша жантақ пен түймешетен гидролаттарында судың беттік керілуін төмендететін беттік-белсенді заттардың бар екені және жуғу изотермалары бойынша олар гидрофобты бетті гидрофильдейтіні анықталды. Эмульсиялағыш қасиеттерін зерттеу нәтижесінде гидролаттар май/су эмульсияларын тұрақтандыратыны, яғни олардың негізінде косметикалық өнімдер алуға болатыны көрсетілді. Осылай, жантақ пен түймешетен гидролаттары негізінде бетке арналған гель түріндегі косметикалық өнімдер алынды. Өсімдік гидролаттарының газ-сұйық фазалық шекарадағы коллоидтық-химиялық қасиеттері зерттелді. Гидролаттардың құрамында беттік-активті заттардың бар екенін, жақсы жуғу қабілеті, яғни ылғалдандырғыш қасиеті анықталды. Гидролаттардың бәрінің эмульгирлеу қабілеті бірдей. Анықталған нәтижелер гидролаттарды косметикалық өнімдер құрамына қолдануға мүмкіндік бар екенін көрсетті.

**Түйін сөздер:** гидролаттар, беттік керілу, жуғу құбылысы, эмульсия тұрақтылығы, көбіктүзгіштік қасиеті, оптикалық тығыздық, беттік активті заттар (БАЗ)

*Қаржыландыру:* Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі ғылым Комитеті бағдарламалық нысаналы қаржыландыру ЖТН BR24993113 "Полифункционалды мақсаттағы дифильді суда еритін полимерлер негізінде композиттер жасау" бағдарламасы негізінде орындалды.

© О.А. Есимова, С.Ш. Кумарғалиева, К.Б. Мусабеков,  
А.К. Конысбек\*, 2025.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.  
E-mail: konysbekasylzat@gmail.com

## КОЛЛОИДНО-ХИМИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ГИДРОЛАТОВ ВЕРБЛЮЖЬЕЙ КОЛЮЧКИ И ПИЖМЫ

**О.А. Есимова** — ассоциированный профессор кафедры Аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов, кандидат химических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: orinkul.esimova@kaznu.edu.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-6483-9764>;

**С.Ш.Кумарғалиева** — ассоциированный профессор кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов, кандидат химических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: saltanat.kumargalieva@kaznu.edu.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3154-0849>;

**К. Б.Мусабеков** — доктор химических наук, академик Национальной академии естественных наук Республики Казахстан, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: kuanyshebek.musabekov@kaznu.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1114-1901>;

**А.К. Конысбек** — магистрант, 2-й курс, КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: konysbekasylzat@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-4220-7615>.



**Аннотация.** В настоящее время в мире наблюдается интенсивное развитие косметической индустрии, и многие люди уделяют особое внимание качеству и безопасности косметики. Гидролаты являются одним из самых популярных ингредиентов в косметике благодаря своим полезным свойствам и природному происхождению. Цель работы заключалась в исследовании коллоидно-химических свойств гидролатов на основе отечественного растительного сырья – пижмы и верблюжьей колючки, и рассмотрении возможности применения их для получения косметических продуктов. В качестве объектов исследования использованы произрастающие в нашей стране пижма и верблюжья колючка, богатые на биологически-активные соединения, такие как эфирные масла, флавоноиды, танины и алкалоиды. Выбор гидролатов в качестве объектов исследования основан на том, что концентрация экстрагированных в них веществ выше, чем в отварах. Для определения коллоидно-химических свойств гидролатов пижмы и верблюжьей колючки измерены поверхностное натяжение методом Дю Нуи и краевого угол смачивания гониометром. Для выявления возможности использования гидролатов для получения косметических продуктов изучены их эмульгирующие свойства. По изотермам поверхностного натяжения показано, что гидролаты пижмы и верблюжьей колючки содержат поверхностно-активные вещества, снижающие поверхностное натяжение воды. Изотермы краевого угла смачивания показывают, что гидролаты гидрофилизуют гидрофобные поверхности. В результате изучения эмульгирующих свойств определено, что гидролаты стабилизируют эмульсии масло/вода, что дает возможность получения косметических продуктов на их основе. Таким образом, на основе гидролатов пижмы и верблюжьей колючки получены косметические продукты в форме геля. Вывод: были исследованы коллоидно-химические свойства растительных гидролатов на границе газо-жидкой фазы. Было выявлено, что гидролаты содержат поверхностно-активные вещества, обладают хорошей смачиваемостью, то есть увлажняющими свойствами. Все гидролаты имеют одинаковую эмульгирующую способность. Полученные результаты подтверждают возможность применения гидролатов в составе косметических продуктов.

**Ключевые слова:** гидролаты, поверхностное натяжение, явления смачивания, стабильность эмульсии, пенообразовательные свойства, оптическая плотность, поверхностно-активные вещества (ПАВ)

**Кіріспе.** Өсімдік шикізаты фармацевтика, косметика, тағам өнеркәсібінің негізгі шикізаты болып, өнімдердің басты компонентіне айналады. Минералдар мен органикалық заттарға бай дәрілік өсімдіктерден алынған құрғақ шөптер мен дәмдеуіштер әлем халқының шамамен 85%-ы үшін денсаулықты сақтаудың негізі болып табылады (Luengo et al., 2021). Бұл шикізаттың құрамындағы табиғи биологиялық белсенді заттар адам ағзасына пайдалы әсер ететін қасиеттері оларды әртүрлі салаларда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді (Milivojević et al., 2019; Narhaun et al., 2020). Осындай табиғи шикізат қатарына жататын гидролаттар косметикалық өнімдердің танымал ингредиенттерінің бірі болып табылады

(Aćimović et al, 2020; Milivojević et al., 2019). Халықаралық стандарттарға сәйкес гидролат немесе хош иісті су (aromatic water, hydrolate) - эфир майы шикізаты мен эфир майы бөлінгеннен кейін пайда болатын дистилляциялық су болып табылады (Burtseva et al., 2023). Гидролаттар жақсы емдік қасиет көрсетіп, косметикалық тері күтімін қамтамасыз ете алады (Yu et al., 2020). Гидролаттар эфир майлары сияқты тұрақты әсер көрсеткенімен, эфир майларына қарағанда олардың әсері әлдеқайда нәзік әрі жұмсақ болады. Сондықтан гидролаттарды қорықпай қолдануға болады, себебі оларды күйген жағдайда немесе қандай да бір жолмен жарақат алған сәтте тікелей теріге жағуға болады (Dragicevich et al., 2024).

Отандық дәрілік өсімдіктерден алынған гидролаттарды пайдалану косметикалық заттар өндірісінде үлкен қызығушылық тудырады. Косметикалық өнімдерді алу үшін ғылыми негізделген технологияларды әзірлеу мақсатында олардың коллоидтық-химиялық қасиеттерін зерттеу қажет, себебі косметикалық өнімдер дисперсті жүйелерге жатады. Осыған байланысты зерттеудің басты мақсаты – елімізде өсетін жантақ мен түймешетен гидролаттарының коллоидтық-химиялық қасиеттерін зерттеп, олардың косметикалық өнімдерде қолданылу мүмкіндігін анықтау.

**Материалдар мен әдістер.** Оңтүстік Қазақстанда өсетін жантақ (*Alhagi Kirghisorum Schrenk*), Түймешетен-II және Алматы облысында түймешетен-I дәрілік өсімдіктер қолданылды. Өсімдіктердің гидролаттары су буымен дистилляциялау арқылы алынды.

Беттік керілу Дю Нуи әдісі бойынша Тензиометр қондырғысында өлшенді. Бұл сұйықтықтардың беттік керілуін анықтаудың кең таралған әдістерінің бірі. Беттік керілудің сұйықтықпен жақсы жұққан R радиусының жұқа сақинасының сұйықтық бетінен шығуы үшін қажетті F күшімен байланысы арқылы сипатталады (Определение поверхностного натяжения растворов ПАВ на границе газ–жидкость на Тензиометре К6 (метод Дюуи Нуи, 2013). Жұғу құбылысы беттік қабаттармен бөлінген үш көлемдік фазаның (сұйықтық, қатты дене және ауа) өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асырылады. Ерітінділердің қатты беттерге жұғу қабілетін анықтау үшін жұғудың шеткі бұрышы Гониометр қондырғысында анықталды (Yessimova et al, 2020). Алынған гидролаттардың эмульсиялану және көбіктену қасиеттері белгілі әдістемелер бойынша зерттелді Фазалардың әртүрлі көлемдік қатынасында май/су эмульсияларын алынып және олардың тұрақтылығын анықталды (Yargaeva et al., 2003)..

Гидрогель алу үшін карбоксиметилцеллюлозаның натрий тұзы, полиакрил қышқылы, глицерин (сорбитол), тазартылған су, өсімдік сығындысы, этил спирті қолданылды. 100 г дайын өнімді, яғни гельді алу үшін қажетті компоненттер әдістеде келтірілген тапсырма нұсқасына сәйкес алынады («Poverkhnostnye yavleniya i dispersnyye sistemy» 2013).

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Гидролаттар – бумен дистилляция әдісі арқылы өндірілетін өсімдік экстрактысы. Су буы өсімдік материалынан өткен кезде оның құрамындағы суда еритін компоненттерге (эфир майлары, қышқылдар, флавоноидтар, дәрумендерге) қанығады. Қайнатпалармен салыстырғанда,

гидролаттарда экстракцияланған заттардың концентрациясы жоғары болады, сонымен қатар оларда тұзбен пигменттер болмайды (Yessimova et al., 2022).

Қазіргі кездегі косметика өнеркәсібінің қарқынды дамуы тұтынушылардың косметика сапасы мен қауіпсіздігіне деген талабын арттыруда. Бұл жағдайда гидролаттардың пайдалы қасиеттері мен табиғи болуы оларды косметиканың ең танымал ингредиенттерінің бірі етеді. Алайда, косметика саласында гидролаттарға деген үлкен қызығушылыққа қарамастан, олардың коллоидтық-химиялық қасиеттері мен косметиканың тұрақтылығына және тиімділігіне әсері жеткілікті зерттелмеген. Бұл гидролаттардың косметикалық өнімдерде қолданылуы туралы арнайы зерттеулер жүргізудің өзектілігін көрсетеді. Осыған орай отандық дәрілік өсімдіктер гидролаттарын косметикалық өнімдерде қолдану мүмкіндігін анықтау мақсатында жұмыста елімізде өсетін түймешетен мен жантақ гидролаттарының коллоидтық-химиялық қасиеттері зерттеліп, алғаш рет косметикалық гелдер алынды.


Жұмыста емдік қасиеттерге ие Оңтүстік Қазақстанда өсетін жантақ (*Alhagi Kirghisorum Schrenk*) гидролаты және түймешетен (*Tanacetum*) гидролаттарының екі түрі: түймешетен-I (Алматы обл.); Түймешетен-II (Оңтүстік Қазақстан обл.) зерттелді.

Түймешетен (*Tanacetum*) күрделі гүлділер (*Asteraceae*) тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Түймешетеннің кең таралған түрі – кәдімгі түймешетен (*Tanacetum vulgare*). Оның құрамына биологиялық белсенді заттар, соның ішінде эфир майлары, флавоноидтар, таниндер мен алкалоидтар кездеседі (Burasheva 1981). Түймешетен сулы ерітіндісі қабынуға қарсы және терінің сезімталдығын төмендетуге жақсы әсер етеді.

Жантақ, қырғыз жантағы (*Alhagi Kirghisorum Schrenk*) – әртүрлі биологиялық-белсенді заттарға бай перспективті дәрілік өсімдік. Жантақ қарапайым және арзан табиғи шикізатқа жатады. Жантақ судағы ерітіндісінің (ВК фитопрепаратының) сандық және сапалық құрамы белгілі (ылғалдылық 13%): гетерополисахаридтер – 43%, микро- және макроэлементтер – 21%, амин қышқылдары – 18%, флавоноидтер – 3%, полифлавандар – 2%. Жантақ гидролаты теріні табиғи жолмен ылғалдандыруға көмектеседі. Терінің құрғауын басып, теріге жұмсақтық қасиет береді (Yessimova 2020).


Гидролаттарды косметикалық өнімдерде қолдану мүмкіндігін анықтау үшін олардың коллоидтық-химиялық қасиеттері зерттелді. Гидролаттар компоненттерінің беттік-активті қасиеттерін олардың сұйықтық-газ фазааралық шекарадағы беттік керілуін анықтау арқылы бағалауға болады. Жантақ пен түймешетен гидролаттарының 0,5; 1,0; 1,5; 2,0; 2,5; 3,0%-дық сулы ерітінділері алынып, тензиометрде Дю-Нуи әдісімен беттік керілулері өлшенді. Беттік керілу изотермаларынан (1-сурет) гидролаттардың құрамында беттік-активті компоненттер болатынын көруге болады, себебі  $(d\sigma/dc) < 0$  шартына сәйкес концентрацияның артуымен беттік керілу азаяды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жантаққа қарағанда түймешетен гидролаттарының беттік активтілігі жоғары – сұйықтық-ауа шекарасындағы беттік керілу  $\sim 30$  мДж/м<sup>2</sup> шамасына дейін кемиді.

1-сурет. Жантақ және түймешетен гидролаттары сулы ерітінділерінің беттік керілу изотермалары: 1-түймешетен-I; 2- түймешетен-II; 3- жантақ.



Гидролаттарды косметикалық өнімдерде қолдану мүмкінділігін анықтайтын тағы бір коллоидты-химиялық қасиет – ерітінділердің гидрофобты беттерге жұғу қабілеттілігі. Адам терісі гидрофобты беттерге жататын болғандықтан жұмыста терінің бетін модельдейтін бейполярылы гидрофобты бет ретінде тефлон алынып, гидролаттардың жұғу, яғни гидрофилдегіш қабілеті зерттелді. Ерітінділердің жұғу қабілеті жұғудың шеткі бұрышының косинусымен  $\cos \theta$  сипатталады. Жұғу изотермаларынан (2-сурет) алынған гидролат ерітінділері үшін  $C < 0,5\%$  концентрацияларында жұғу инверсиясы ( $\cos \theta = 0$ ) байқалып, жұғу бұрышының 0,6-ға дейін өсетіні, яғни тефлон беті гидрофилденетіні көрінеді. Мұндай нәтиже гидролат ерітінділерінің гидрофобты беттерге жақсы жұғып, гидрофилдегіш ықпал ететінін анықтайды.

2-сурет. Түймешетен мен жантақ гидролаттары сулы ерітінділерінің жұғу изотермалары: 1-түймешетен-I; 2-түймешетен-II; 3-жантақ.




Косметикалық өнімдердің бір түрі эмульсиялық дисперсті жүйелер болғандықтан жантақ пен түймешетен гидролаттарының эмульсиялағыш қасиеттері зерттелді. Тұрақты әрі тиімді эмульсиялар алу үшін алдымен май/су фазаларының оңтайлы қатынасы анықталып, соған орай, фазалардың 3:7, 4:6, 5:5, 6:4, 7:3 көлемдік қатынасында күнбағыс майы/су эмульсияларының тұрақтылығы зерттеліп, ең тұрақты эмульсиялар 6:4 қатынасында түзілетіні анықталды. Ары қарай зерттеу үшін осы қатынаста күнбағыс майы/гидролат ерітіндісі эмульсиялар алынып, олардың бұзылу кинетикалық қисықтарынан (3-сурет) «өмір сүру» уақыты анықталды. Нәтижелер бойынша ең тұрақты күнбағыс майы/гидролат эмульсияларын (6:4) жантақтың 2%-дық және түймешетеннің 3%-дық гидролат ерітінділері түзеді, олардың «өмір сүру» уақыты 35-50 минутты құрады. Бұл нәтижелер осы гидролаттарды эмульсиялық косметикалық өнімдер құрамында қолдануға болатынын көрсетеді.


Қазіргі таңда косметикалық өнімдердің заманға сай талабы күн сайын артуда. Косметикалық өндірістегі таптырмайтын химиялық құбылыстың бірі – табиғи шикізат негізінде косметикалық өнім алу. Гидролаттар, яғни емдік қасиеті бар өсімдіктердің сулы экстракцияларын қолдану ерекше орын алады Отандық дәрілік өсімдіктердің сулы ерітінділерінің коллоидтық-химиялық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде олардың құрамында беттік-активті заттар бар, ылғалдандыратын қасиеттерге ие; гидролаттардың ерітінділері аздап қышқыл және бейтарап ортаға ие екенін анықталып, оларды косметикалық өнімдерде қолдануға болатыны көрсетілді.

3-сурет. Күнбағыс майы/гидролат эмульсиялары бұзылуының кинетикалық қисықтары:

- а) күнбағыс майы/жантақ гидролаты;  
б) күнбағыс майы/түймешетен гидролаты;



а)



б)

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, жантақ пен түймешетен гидролаттар негізінде гель дисперсті жүйесі түрінде косметикалық өнім алу мүмкіндігі қарастырылды, бетке арналған арналған гель мен қолға арналған гидрогель алынды (4, 5-суреттер).

4-сурет. Түймешетен (а) мен жантақ (б) гидролаттар негізіндегі бетке арналған гелдер.



а)



б)

5-сурет. Түймешетен гидролаты негізіндегі гидрогель.



## Қорытынды

Гидролаттардың газ-сұйық фазалық шекарадағы коллоидты-химиялық қасиеттері – беттік керілу, жұғу, эмульсиялағыштық зерттелді. Гидролаттардың құрамына беттік-активті заттар кіретіні және олар жақсы гидрофилдегіш, яғни ылғалдандырғыш қасиетке ие екені анықталды. Алынған гидролаттардың эмульсиялағыш қасиеттері бірдей деуге болады, дегенмен ең тұрақты кунбағыс майы/гидролат ерітіндісі эмульсиялары 6:4 көлемдік қатынаста алынып, жантақтың 2%-дық және түймешетеннің 3%-дық гидролат ерітінділері ең тұрақты, яғни «өмір сүру» уақыты 35-50 минутты құрайтын эмульсиялар түзетіні анықталды. Алынған гидролаттар негізінде косметикалық өнім алынды (бетке арналған крем, гель және гидрогель). Бірінші рет жантақ (*Alhagi Kirghisorum Schrenk*), түймешетен өсімдіктерінен гидролаттар алынып, олардың коллоидтық химиялық қасиеттері зерттеліп, зерттеу нәтижесінде косметика саласында қолдануға болатыны анықталды.

## Әдебиеттер

Бурашева Г.Ш. (1981) Полифенолы верблюжьей колючки: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата химических наук [Polyphenols of camel thorn: Author's abstract of the PhD thesis], Алматы. — 34 с.

Бурцева Е.В., Кулдыраева Е.В., Мехоношина И.С., Тимашева Л.А., Пехова О.А., Кацев А.М. (2023) Изучение химического состава и биологического действия гидролата *Hyssopus officinalis* L. [Study of the chemical composition and biological activity of *Hyssopus officinalis* L. hydrolate]. *Medical & Pharmaceutical Journal «Pulse»*, 25(3).

Яргаева В.А., Сеничева Л.В. (2003) Дисперсные системы [Disperse systems: Textbook], Хабаровск: Изд-во Хабар. гос. техн. ун-та, 135 с.

Есимова О.А. (2020) Коллоидно-химические свойства композиционных ПАВ с фитоператором: взаимодействие фитопрепарата ВК с метацидом и додецилсульфатом натрия, Алматы.

Методы определения поверхностного натяжения: методические указания к лабораторному практикуму по курсу «Поверхностные явления и дисперсные системы» (2013). Москва: РГУ нефти и газа имени И.М. Губкина, 48 с. (на русском)

Определение поверхностного натяжения растворов ПАВ на границе газ–жидкость на Тензиометре К6 (метод Дю Нуи). (2013). Москва: РГУ нефти и газа имени И.М. Губкина, 27 с.

Ćimović M.G., Tešević V.V., Smiljanić K.T., Cvetković M.T., Stanković J.M., Kiproviski B.M., Sikora V.S. (2020) Hydrolates – by-products of essential oil distillation: Chemical composition, biological activity and potential uses. *Advances in Technology*, 9(2). — P. 54–70.

Dragicevich A., Kitich D., Stanojevich L., Nesich I., Pavlovich D. (2024) Antioxidant activity of hydrolate obtained from the aerial part of sweet basil *Ocimum basilicum* L. *Acta Medica Medianae*, 4.

Harhaun R., Kunik O., Saribekova D., Lazzara G. (2020) Biologically active properties of plant extracts in cosmetic emulsions. *Microchemical Journal*, 154. — P. 104543.

Luengo G.S., Fameau A.L., Léonforte F., Greaves A.J. (2021) Surface science of cosmetic substrates, cleansing actives and formulations. *Colloid Interface Science*, 290.

Milivojević A.D., Ćorović M.M., Simović M.B., Banjanac K.M., Blagojević S.N., Pjanović R.V., Bezbradica D.I. (2019) Novel approach for flavonoid esters production: Statistically optimized enzymatic synthesis using natural oils and application in cosmetics. *Industrial & Engineering Chemistry Research*, 58. — P. 40–49.

Yessimova O., Kumargaliyeva S., Kerimkulova M.Zh., Mussabekov K., Toktarbay Z. (2020) Wetting ability of a phytopreparation and their associates with polyelectrolytes. *Rasayan Journal of Chemistry*, 13. — P. 481–487.

Yessimova O., Rakhymbay A., Kumargaliyeva S., Yessimbekova R., Toktarbay Z. (2022) Preparation and research of cosmetic products based on domestic raw materials. *Materials Today: Proceedings*.

Yu J., Wang G., Jiang N. (2020) Study on the repairing effect of cosmetics containing *Artemisia annua* on sensitive skin. *Journal of Cosmetics, Dermatological Sciences and Applications*, 10. — P. 8–19.

### References

Burasheva G.Sh. (1981) Polifenoly verblyuzhey kolyuchki: avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoy stepeni kandidata khimicheskikh nauk [Polyphenols of camel thorn: Author's abstract of the PhD thesis]. Almaty. — P. 34 (in Russian)

Burtseva E.V., Kuldyrkaeva E.V., Mekhonoshina I.S., Timasheva L.A., Pekhova O.A., Katsev A.M. (2023) Izuchenie khimicheskogo sostava i biologicheskogo deystviya gidrolata *Hyssopus officinalis* L. [Study of the chemical composition and biological activity of *Hyssopus officinalis* L. hydrolate]. *Medical & Pharmaceutical Journal «Pulse»*, 25(3). (in Russian)

Yargaeva V.A., Senicheva L.V. (2003). *Dispersnye sistemy: uchebnoe posobie* [Disperse systems: Textbook]. Khabarovsk: Izd-vo Khabar. gos. tekhn. un-ta, 135 s. (in Russian)

Yesimova O.A. (2020). *Kolloidno-khimicheskie svoystva kompozitsionnykh PAV s fitoperatorom: vzaimodeystvie fitopreparata VK s metatsidom i dodecilsulfatom natriya* [Colloid-chemical properties of composite surfactants with phytocomponent]. — Almaty. (in Russian)

Metody opredeleniya poverkhnostnogo natyazheniya: metodicheskie ukazaniya k laboratornomu praktikumu po kursu «Poverkhnostnye yavleniya i dispersnye sistemy» (2013). Moskva: RGU nefti i gaza im. I.M. Gubkina. — 48 p. (in Russian)

Opreделение poverkhnostnogo natyazheniya rastvorov PAV na granitse gaz–zhidkost' na Tenziometre K6 (metod Dyui Nui) (2013). Moskva: RGU nefti i gaza im. I.M. Gubkina. — 27 p. (in Russian)

Aćimović M.G., Tešević V.V., Smiljanić K.T., Cvetković M.T., Stanković J.M., Kiprovski B.M., Sikora V.S. (2020). Hydrolates – by-products of essential oil distillation: Chemical composition, biological activity and potential uses. *Advances in Technology*, 9(2). — P. 54–70 (in English)

Dragicevich A., Kitich D., Stanojevich L., Nesich I., Pavlovich D. (2024). Antioxidant activity of hydrolate obtained from the aerial part of sweet basil *Ocimum basilicum* L. *Acta Medica Medianae*, 4. (in English)

Harhaun R., Kunik O., Saribekova D., Lazzara G. (2020). Biologically active properties of plant extracts in cosmetic emulsions. *Microchemical Journal*, 154. — P. 104543. (in English)

Luengo G.S., Fameau A.L., Léonforte F., Greaves A.J. (2021). Surface science of cosmetic substrates, cleansing actives and formulations. *Colloid Interface Science*, 290. (in English)

Milivojević A.D., Ćorović M.M., Simović M.B., Banjanac K.M., Blagojević S.N., Pjanović R.V., Bezbradica D.I. (2019). Novel approach for flavonoid esters production: Statistically optimized enzymatic synthesis using natural oils and application in cosmetics. *Industrial & Engineering Chemistry Research*, 58. — P. 40–49. (in English)

Yessimova O., Kumargaliyeva S., Kerimkulova M.Zh., Mussabekov K., Toktarbay Z. (2020). Wetting ability of a phytopreparation and their associates with polyelectrolytes. *Rasayan Journal of Chemistry*, 13. — P. 481–487. (in English)

Yessimova O., Rakhymbay A., Kumargaliyeva S., Yessimbekova R., Toktarbay Z. (2022). Preparation and research of cosmetic products based on domestic raw materials. *Materials Today: Proceedings*. (in English)

Yu J., Wang G., Jiang N. (2020). Study on the repairing effect of cosmetics containing *Artemisia annua* on sensitive skin. *Journal of Cosmetics, Dermatological Sciences and Applications*, 10. — P. 8–19. (in English)

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 3.09.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 3.